2008 жылдың 9 ай ішінде 12 нормативтік құқықтық акт қабылданған, оның ішінде 5- аудан әкімдігінің қаулылары, 7- ауыл және кент әкімдерімен тіркеуден өткізілген рәсімінен өткізілген, ал 2007 жылы аудан әкімдігімен және әкімімен 11 нормативтік құқықтық акт қабылданған. Барлық тіркеу рәсімінен өткен актілер аудандық газетінде жарияланып бүгінгі күні қолданылуда. Мониторинг бойынша бүгінгі күні 14 нормативтік құқықтық актінің заңды күші бар.

Аудандық бюджеттік қаржылардың меңгерілуі, жұмсалуы жөнінде сұрақтарды қарау жұмыстарын аудандық бюджеттік комиссия атқарады.

Мемлекеттік сатып алулар процедуралары бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талаптарын бұзу бойынша 1 заң бұзушылық жіберілген. Нұра ауданының құрылыс бөлімі басшысының міндеттерін атқарушысы облыстық мемлекеттік сатып алу конкурсқа мүше ретінде қатысып, сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекет жасаған үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Мемлекеттік органдардың өкілеттілігін жариялау бойынша жұмыс атқарылмаған, бұл бағытта жариялау кестесін жасап жариялау қажет.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын-үй қатынастары туралы» Заңын орындау мақсатында аудан әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 21/03 қаулысымен аудандық тұрғын-үй комиссиясы құрылып, комиссия туралы ереже бекітіліп, жұмыс атқарылуда. Бүгінгі күнге аудан бойынша 7 адам кезекте тұр.

Жер Кодексінің талаптарын бұзбау мақсатында жер сұрақтары бойынша түскен арыздар аудандық жер комиссияның отырысында қарастырылады, оның құрамына аудандық мәслихатының депутаты, жер қатынастары бөлімінің, сәулет және қала құрылысы бөлімінің, аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының, ауыл шаруашылық бөлімінің өкілдері және жеке кәсіпкер кіреді, комиссияның төрағасы аудан әкімінің орынбасары. Бұл жұмысты бақылау мақсатында аудандық прокуратура жыл сайын тексеріс жүргізіледі, анықталған құқық бұзушылықтар қаралып өзінің шешімін тауып, бұзушылықтарды жіберген қызметкерлер жауапкершілікке тартылады.

Тауар нарығы жұмысына талдау жүргізіліп тұрады, инфляциялық процестерді тұрақтандыру мақсатында ауданда штаб және 3 жұмыс топтары жұмыс атқарады. Бағалардың өсуін ұстау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген, әлеуметтік-мағыналы өнімдерінің, қызметтерге және жанар-жағар майдың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізіліп тұрады. Ауданның барлық ауылдарында езінің ауылшаруашылық енімдерін сату үшін сауда-саттық орындары берілген.

Қазақстан Республикасының акциздік өнімдерінің айналымын реттейтін заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында (арақ-шарап және басқа), оған қарсы шаралар қолданылуда.

2007 жылы арақ-шарап және басқа тауарларды сатуға 98 лицензия берілген, биыл лицензияға 4 қосыша берілген, барлығы бүгінгі күнге 102 лицензия қолданыста.

Мемлекеттік қызметкерлер заңнамаға сәйкес өздеріне шектеулер қабылдап, салық комитетіне табыстары жөнінде декларациялар тапсырған. Сонымен бірге жаңа қабылданған мемлекеттік қызметкерлер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының статистика комитетінің арнайы тексерістерінен өткен.

Аудан әкімі аппаратында және басқа да мемлекеттік органдарында сенім телефондары қойылып, олар туралы мәліметтер аудандық «Нұра» газетінде тізбеге сәйкес ай сайын жарияланып тұрады.

Ай сайын мемлекеттік қызмет аймақтық агенттігіне аудан әкімінің аппараты, ауыл және кент әкімдері аппараттары қызметкерлерінің істері, тәртіп бұзушылықтар, Ар-Намыс Кодексінің бұзу істері жайлы мәліметтер беріліп тұрады. Аудан әкімі аппараты, ауыл және кент әкімдері аппаратары және бөлімдерінің фойелерінде тұрғындардың өтініш, арыз салатын жәшіктер орналасқан.

2008 жылдың 10 қаңтары мен 1 ақпан аралығында Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі «Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының басшыларымен халық алдында есептік кездесу өткізу туралы» № 1546 Жарлығын орындау мақсатында кездесулер өткізілді. Есептік кездесулерде азаматтардан 51 ұсыныс және өтініш түскен болатын, олардың 28 орындарында шешімі табылып түсінік берілді, қалған ұсыныстар бақылауға алынып, өз шешімдерін тауып орындалды.

Мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз істеріне олармен кәсіпкерлердің ісіне заңсыз кірісу және сыбайлас жемқорлық туғызатын жағдайлар бойынша шағымдар түскен жоқ.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау тәртібі туралы» Заңын орындау мақсатында аудан әкімі аппаратында үнемі бақылау, есепке алу жұмыстары жүреді, себептері ашылып, талқыланып іс шаралар жоспарланады. Аудан әкімі аппаратына азаматтар және заңды тұлғалардан 175 түскен өтініштерінің сараптамасы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз іс қимылдарына және мемлекеттік органдарының шешімдеріне арыздар түскен жоқ. Барлық өтініштер заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде қаралды. Аудан әкімімен қабылдау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, Кесте аудандық «Нұра» газетінде жарияланған, 9 айдың ішінде аудан әкімімен 76 азаматтар қабылданды.

Сараптама бойынша биыл 10 мемлекеттік қызметкер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік жазаға тартылды, оның ішінде 4 саяси қызметкер және 6 әкімшілік қызметкер. Бір қызметкер Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талаптарын бұзған үшін тәптіптік жазаға тартылды.

Сонымен қатар ауданды «Нұр-Отан» халықтық демократиялық партиясының аудандық филиалының жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қоғамдық Кеңесі құрылып, жұмыс атқарылуда. Бұл Кеңес айына екі рет отырыс өткізеді, Кеңес сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту сұрақтарын және өтініштер, шағымдар қарайды.

Бүгінгі күнде айтап өтсек бұл жұмыста көп жетіспеушіліктер да бар.

Қарағанды облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын» іске асыру жұмысы толық орындалмайды.

Жалпыға бірдей құқықтық оқыту жұмысы толықсыз. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» № 2347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жалпыға бірдей құқықтық білім беру туралы Ереженің талаптерін бұза отырып семинар-жиналыстар айына 1-2 рет өткізілуі тиіс бірақ бұл талап білім беру, ауыл шаруашылық, дене шынықтыру және спорт, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолауышлар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімдерімен орындалмайды, сонымен қатар барлық мемлекеттік органдарда құқықтық оқыту формальдық түрде жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының талаптарының бірі әрбір мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпарат құралдарында өкілеттілігін жариялау бойынша жұмыс атқарылмайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын орындау бойынша бұзушылықтар бар, Қазақстан Республикасының Жер заңнамасын орындау бойынша ауыл әкімдерінің жұмысында жетіспеушіліктер бар. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарын бұзу дәлелдер бар.

Жоғарыда айтқандай барлық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деген Қазақстан халқына Жолдауын басшылыққа ала отырып сыбайлас жемқорлықты алдын- алу бойынша жұмыстарын атқаруын ұсынамыз.

**Б.Қосшығұлов,**
аудан әкімінің орынбасары

*Той өтті дүркіреп: қария жүрекжарды ризалығын білдіреді*

## Аудандағы шырайлы істер азамат іскерлігінің нәтижесі

"**Ауылдарымыз бен селоларымыздың өмір сапасын жақсарту ме,млекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді**" деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, ауылдардың жағдайы осы Елбасы тапсырмасының жер жерлерде жергілікті билік өкілдерімен орындалуына тікелей байланысты.

Бұдан бір айдан артық уақыт бұрын 25 қыркүйек күні Нұра ауданының 80 жылдық мерейтойы қатысқан бүкіл халықты қуанышқа бөлеп, өте көңілді өткен еді. Менің қолыма қалам алып, осы тойдан алған әсерімді, ауданға келгеніне 1-ақ жыл болған аудан әкіміне ризалығымды газет бетіне ұсынуыма да осы себеп болды. Той өткізу бір жөн, бірақ тойдың тәрбиелік, рухани жағынан терең мазмұнды болғаны және оған тарту ретінде ауданда атқарылған игі істер мені қатты толғантты.

Биылғы жылы облыс әкімі Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулинның қолдауымен, ауданға қомақты қаржы бөлініп, көптеген әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өткізілді.

Аудан орталығы Киевка ерекше құлпырып кеткен. Әсіресе кешке қарай көшеге шыға қалсаң, Астана сияқты әсем қалада жүргендей әсер аласың. Көше бойымен көлденең тартылған шаңырақты бейнелеген шамшырақтар ерекше көз тартады». Шындығында олар мақтанса, мақтанғандай болды. Аудан орталығы Киевка кентінің ерекше құлпырып кеткенін өзіміз де көзімізбен көрдік. Адамға қатты ұнаған мұндай көріністер өмір бойы естен шықпайды ғой.

Бас қосып қалған қызу әңгіме кезінде аға буын өз ойларын айтып қалуға тырысады. Қандай ауылдан келсе де әңгімелескен адамдардың бәрі де аз уақыттың ішінде аудан орталығын ерекше құлпыртып жіберген аудан әкімі Серік Жаманқұлұлының іскерлігіне, оның ұйымдастыра білу қабілетіне сүйсініп, өте ризашылығын білдіреді. Расында да “жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” демекші, неге айтпасқа!

25 қыркүйек күні тойға алыстан шақырылып келген құрметті қонақтарда, алыс-жақын әр ауылдан жиналып келгендер де аудан орталығының ерекше құлпырып, көз тартып тұрғанына таң қалып та, сүйсініп те көз тастайды. Қонақтарды қабылдау тәртібінде де ерекше мәдениеттілік, смыпайылық сезіліп тұрды. Орталық «Тәуелсіздік» саябағына кіргенде мен өз көзіме өзім сенбегендей күй кештім. Бір кезде иесіз иттер мен иесіз мысықтар ғана мекендейтін керіксіз болып, күтімсіз қалған орын көркейіп шыға келген. Саябақтың қақ төрінде әсем безендірілген сахна орналасқан. Осы баққа кіре берісте сол жағында келген қонақтарды аудан әкімі аппаратының жауапты қызметкерлері қарсы алып, оларға арнап әзірленген арнайы сыйлықтар: «Нұра ауданының энциклопедиясы», «Нұра ауданының тарихы», «Нұра ақындары» атты кітаптар және аудан жайында шығарылған түрлі түсті әшекейленген журналдар үлестірілді. Бұл кітаптар мен журналды қолыма алып, әр қайсысын жылдамдатып ақтарып отырып, терең ойға қалып, ауданның өткен мерейтойларын есіме түсірдім. Сол өткен мерейтойларда мына мерейтоймен салыстырғанда ауыз толтырып айтарлық ештеңе де болмаған екен.

Ауданның көрнекті, атақты адамдарының өмірінен дерек беріп отырған «Нұра ауданының энциклопедиясы», ауданның өткен тарихын қамти жазған «Нұра ауданының тарихы», ауданның көрнекті ақындарын ерекше көрсеткен «Нұра ақындары» сияқты кітаптар түгіл, аудан туралы қысқаша түсінік беретін бірде-бір кітапша да шығарылмапты. Нұра ауданының 80 жылдық мерейтойына арнап «Нұра ауданының энциклопедиясы» және «Нұра ауданының тарихы» деген екі кітап шығару жоспарланған еді. Ақылдастар алқасы мен редакция алқасының бірнеше отырыстары болып, кітап шығару жұмысы жүріп жатқан кез. Мен осы кезде аудан әкімі Серік Жаманқұлұлының қабылдауында болдым. Ол мені жылы шыраймен қарсы алғаннан кейін мен дерқымсынбай: «Менің газет, журналдарда жарияланған, бірақ әлі кітап болып шықпаған көлемі бір кітапша боларлықтай өлеңдерім бар еді. Осыны бастырып шығаруға қалай қарайсыз»- дедім. Ол маған күлімдей қарап: «Бұл ойыңыз өте дұрыс екен. Ендеше жалғыз Сіздің ғана емес, басқа да Нұра ақындарының шығармаларын қосып, бір жақсы жинақ шығару керек екен»-деп, өзінің орынбасары Зараны шақырып алып: «Мына отағасыға Нұра ақындарының өлеңдер жинағын шығаруға көмектесіңдер»-деп, кітап шығаруға ұлықсат берді. Мен әкімге алғысымды айтып, оның кабинетінен өте риза болып шықтым. Сөйтіп,маған көмек көрсетіп, қолдаушы да тауып беріп, «Нұра ақындары» деген үшінші кітап та жарыққа шықты.

“Ынтымақты елге ешкім батпас, ынтымақсыз елдің таңы атпас” демекші әрбір азамат осы Серік Жаманқұлұлы тәрізді өз міндетін, өзіне жүктелген жауапкершілікті адал атқарып, Елбасының сындарлы саясатын қолдап, өзіндік үлесін қосса, әрине, еліміз көркее түсетіні сөзсіз.

“Азаматына қарап елін таны” деген дана халқымыз, мен Серік Жаманқұлұлы Шайдаровты Нұра ауданының бағына қарай келген бастық қой деп ойлаймын. Менің бұл ойымды ауданның 80 жылдық мерейтойына келген Құрметті қонақтардың бәрі де туған өлкеміздің қаншалықты құлпырып тұрғанын көріп сүйсінгендерінің өзі дәлелдегендей.

Бойыңнан табылатын талай енер,
Серік, сен, жан екенсің іске шебер.
Тар кезең қиын--қыстау кездессе де,
Жол тауып шығуыңа халық сенер..
Жігітсің жалын атып тұрған жайнап,
Күш-қуат, ақыл-ойың жатқан қайнап.
Жеңерің не іс болсын анық боп тұр,
Кіріссең тәуекел деп белді байлап.
Ұмтылып алға қарай бассаң қадам,
Ойлайсың өссе екен деп халқым аман.
Еңбек қып жұртқа пайда тигізетін,
Көп болсын ел бастайтын сендей адам!

**МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ.**
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
Көбетей ауылы.

*По программе реабилитации инвалидов*

## К сведению инвалидов

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан № 754 от 20.07.2005 г. «О некоторых вопросах реабилитации инвалидов» и для организации получения слухопротезной помощи за счет средств государственного заказа. Нуринский районный отдел занятости и социальных программ уточняет, что право на бесплатное получение слуховых аппаратов имеют:

1) участники и инвалиды Великой Отечественной войны
2) лица, приравненные по льготам и гарантиям к инвалидам Великой Отечественной войны
3) дети-инвалиды,
4) инвалиды 1,2,3 группы

В случае нуждаемости данной категории граждан в слуховых аппаратах или их замене просим вас обратиться в Нуринский районный отдел занятости и социальных программ и предоставить следующие документы:

1. Участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, а также лицам, приравненным по льготам и гарантиям к инвалидам ВОВ.
- удостоверение личности (оригинал и копия)
- удостоверение участника Великой Отечественной войны (оригинал и копия)
- заключение медицинских организаций (справка ВКК с поликлиники по месту жительства)
- пенсионное удостоверение
- результаты аудиометрического обследования

2. Детям- инвалидам:
- свидетельство о рождении или удостоверение личности (оригинал и копия)
- для несовершеннолетних удостоверение личности одного их родителей (опекунов, попечителей)
- заключение МСЭ об инвалидности (оригинал и копия)
- индивидуальную программу реабилитации инвалида (оригинал и копия)
- пенсионное удостоверение (оригинал)
- результаты аудиометрического обследования.

3. Инвалидам 1,2,3 группы:
- удостоверение личности (оригинал и копия)
- заключение МСЭ об инвалидности (оригинал и копия)
- индивидуальную программу реабилитации инвалида (оригинал и копия)
- пенсионное удостоверение (оригинал)
- результаты аудиометрического обследования.

Аудиометрическое обследования (аудиограмму) можно оформить в областной клинической больнице по адресу: г. Караганда, ул. Ерубаева 41

Детям-инвалидам аудиометрическое обследование проводится бесплатно в областной клинико-диагоностической поликлинике по адресу: ул Ержанова 8 (ежедневно кроме субботы и воскресенья, с 8.30 ч. до 14.00 ч., перед приездом желательно созвониться с врачом-сурдологом по телефону: 432113).

Получение слуховых аппаратов производится индивидуально при предоставлении вышеперечисленных документов по адресу Карагандинский филиал Республиканского Центра коррекции слуха расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Воинов-Интернационалистов д. 2, прием ведется (тел. 411340).

Обращаем Ваше внимание срок замены слухового аппарата для участников и инвалидов ВОВ составляет 3 года; остальным категориям граждан – 4 года. При замене выданный ранее слуховой аппарат подлежит обязательному возврату. **Районный отдел занятости и социальных программ**

**тел:22501,22059**

**Тұранова Жанбота Ерденқызын** қараша айының 9-жұлдызында 10 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз.



Бал бұлақтай бір тұнық,
Жүрегімізге сыр жалғап
Көз алдымызда есейіп,
Еркелейсің. Жанботам.

Нұрын жайнап құлпырған,
Алаулайсың, боташым.
Желге қарсы ұмтылған,
Жалаулайсың, боташым.

Биігін көр жас жанның,
Көтерейін, көкешім.
Бір жұлдызын аспанның
Әперейін, көкешім.

**Ізгі тілекпен: папасы- Ерден. мамасы –Күнсұлу және бауырлары: Бауыржан. Анар, Жанар. Сәния,Әлия.** № 528

*Жағымды жаңалық*

## Бәрі балалар үшін

Шалғайдағы Нығыман елді мекені бар табиғат аясының орталық нүктесінде орналасқан.

Ауызбіршілігі мен ұйымшылдығы жарасқан елімізде жылма-жыл жағымды істер болып тұрады. Соның бір айғағы балалар үшін жасалған қамқорлық. Айтайын дегенім, балалар мерекесіне қарасаң, ашылған «Балдырған» - ойын алаңы. Әкеміздің жасын берсін ниетпен. ауданымыздың құрдасы – Қиякең ақсақалдың ақ батасын алып, лента қию рәсімінің салтанатын тамашаладық. Мектеп маңында әсем алаңда балалар әткеншектері, түрлі жастағыларға гимнастикалық қабырғалар, кермелер және ертегі үйшіктері құрастырылған. Оның бастамасына арнайы үлгімен жасалуына жасалуына өз ұсынысын білдірген бастауыш сынып маманы – Гүлбаршын Амантайқызы болатын. Кейін жасөспірімдерге арнау болсын деген шеберлігімен әрлеу жұмыстарын да өз нәтижесіне келтірді. Мерекелік шараларды әсем ...ендірілген жазғы сахнада өткізуді жөн көріп, ...-аналардың үлкен құрметіне бөленді. Әрбір ...-ана өз балалары үшін демеушілік жасап, сыйлық табыстауды дәстүрге айналдырған. Сонымен қатар, балалар алаңында түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып тұрады. Жазғы демалыс –сауықтыру жұмыстарын да өткізуге ыңғайлы. Үзіліс кездерінде, оқушылардың бос уақыттарын өткізуге де айтарлықтай көмегі тиіп тұр. Әлі де болса, қосымша ретінде айналмалы қондырғылар орнатып, мектептің спорт алаңын да қалыпқа келтіреміз деген ойдамыз. «Болар елдің арманы бітпес» дегендей ауыл азаматтары да қолғабысын тигізіп, үнемі көмектесіп тұрады. Ата-аналарымыз да назардан тыс қалдырмайды. Шаруашылық жүйелерін меңгеріп отырған, Нығыман Қиянбекұлы да үлкен ұйымдастырушы. Соның арқасында бірлесіп, мектептің маңын абаттандыру жұмыстарын өз деңгейінде келтіріп тәмамдадық.

Бәрі балалар үшін, бала-барлығымыздың бақытымыз. Бәрі балалық кезден бастау алады.

**Мәслихат Қалымжанұлы,**
мектеп директоры, Нығыман ауылы.

## Как устроить печь во избежание пожаров

Уважаемые жители района! С наступлением холодов начинается отопительный сезон. В каждом доме есть печь, которая дает нам тепло. Как и каждая вещь, она по истечении времени изнашивается и требует необходимых ремонтно-восстановительных работ. Как показывают профилактические мероприятия в жилом секторе, многие владельцы домов не до конца подготовили систему отопления, чем нарушают противопожарные требования. Зачастую многие жильцы при планировке своих печей нарушают правила пожарной безопасности, которые могут привести к необратимым последствиям в виде пожара и отравлениям угарным газом.

Чтобы беда обошла вас стороной, необходимо выполнить следующие требования: 1) при кладке отопительной печи в местах примыкания сгораемых частей дома, квартиры (перегородки, стены, балки) к печам и дымоходам должна быть устроена несгораемая разделка толщиной 38-51 сантиметр;
2) горизонтальные разделки не должны опираться на перекрытия. Высота разделок должна превышать толщину перекрытия, чтобы верх разделки не выступал над полом или засыпкой на чердаке на 70 см. Потолки и пол помещения выполняются только до разделки;
3) высота воздушного промежутка (отступа) между печью, дымовой трубой и горючей конструкцией жилого дома зависит от способа защиты конструкции и устанавливается в основном в 130-260 мм;
4)расстояние от перекрытия теплоемкой печи до защищенного потолка от возгорания помещения устанавливается равным 250 мм, а до незащищенного потолка – 350 мм. Это расстояние не для теплоемких печей увеличивается соответственно до 700 и 1000 мм. Отступки у печей могут быть открытыми и закрытыми стенками из кирпича или перекрыты сверху;
5)для защиты пола от возгорания вблизи топочной дверки предусматривается предтопочный лист размером 70 см в длину и 50 см в ширину;
6)дымовые трубы выполняются, как правило, вертикальными, без отступов, из кирпича со стенками не менее 12 см. Площадь сечения дымовых каналов в зависимости от теплопередачи печи, но не менее 14x14 сантиметров;
7)высота дымовых труб над кровлей жилого дома зависит от вида кровли, наличия зоны ветрового давления (подпора) у выступающих на кровле конструкций. Минимальная высота дымовых труб должна быть не менее 50 см.

**Граждане!**

Чтобы избежать пожаров и отравлений угарным газом, выполняйте правила пожарной безопасности:
- проверьте все печи и дымоходы, выходящие на чердак, чтобы не было трещин и отверстий в дымоходах;
- очистите дымоходы от сажи, а во время отопительного сезона очищайте их от сажи не менее одного раза в два месяца;
- проведите побелку дымовых стен, в которых проходят дымовые каналы, не размещайте на чердаках, вблизи дымоходов старые предметы и вещи;
- газовые плиты устанавливайте на кухне с высотой потолка не менее 2,2 метра, имеющей окно с форточкой, на расстоянии не менее 0,5-1 метра от печного отопления;
- не используйте для дымоходов керамические и металлические трубы, а также силикатный кирпич;
- не используйте для розжига печей бензин, солярку и т.п.

Исправная система отопления гарантирует не только тепло в Ваших домах, но и жизнь, здоровье вам и вашим близким.

**А.Омаров,**
старший инженер ОЧС нуринского района
ст. лейтенант п/п службы

**Благодарственное письмо в районную газеты «Нұра»**

Мы жители села «Заречное» хотим поблагодарить за большую помощь старикам пенсионерам за ее внимание вежливость, за доброту Сорокиной Ирине Александровне большое спасибо. А также ее обслуживавшему персоналу Щуровой Елене, Воронцовой Надежде, за вежливость, за внимание к нам старикам!
Успехов Вам, здоровья, улыбок на лице.
От имени пенсионеров Инкина П.И. №529.

*Дәрігер кеңесі*

## Сіз биылғы грипп шабуылына дайынсыз ба?

### Грипп-індеттік опат

Грипп-індет туғызатын бүгінгі тандағы жалғыз жұқпалы дерт.Грипке жыл сайынғы шалдығушылық, барлық белгілі агенттер туғызатын аурусырқаушылықтар қосындысынан асып түседі.Бұл халық денсаулығына зиян келтіреді және зор экономикалық шығынға ұшыратады.

### Грипп-вирустық дерт

А және В екі типтегі вирустар адамдарда грипп туындатады.Бір немесе бірнеше типтегі гриппен ауырған адам басқа вирустарға қатысты иммунитет қалыптастырмайтынын атап өту қажет.Жылда болатын грипп індеттерінің тағы бір себебі-оның өзгергіштігі.Жыл сайын жаңа штаммдар пайда болуда.

Вирус жоғарғы тыныс жолдарының жасушаларында әп-сәтте кебейіп,жөтелгенде,түшкіргенде,сөйлегенде сілекей және шырыш тамшыларымен шашырайды.Инкубациялық кезеңінің ұзақтығы бірнеше сағаттардан 2-3 күнге дейін.Ауыру ұзақтығы-шамамен бір апта.Гриппен ауырғанда құлақ, тамақ, мұрын аурулары,жүйке жүйесінің, сондай-ақ жүрек қан-тамыр,бүйрек,бронх-өкпе созылмалы дерттерінің асқынулары,пнемониялар,қант диабеті байқалуы мүмкін.

### Гриппті емдеу

Гриппен науқастаған жағдайда үйде қалып,дәрігер шақыру қажет.Дер кезінде басталған емдеу асқынуларды болдырмауға себін тигізеді. Гриппке шалдыққан наукас жиі-жиі сұйық-терлететін құралдармен қоса шөптерден жасалған және витаминдік шәйларды қабылдауы қажет. Тамақтану рационында сут,өсімдік тағамдары кебірек болуы абзал.Ащы тағамдардан толығымен бас тарту ұсыналады.Сонымен қатар халықтық және дәрі-дәрмектік құралдар да бар.Біріншілерге жуа,сарымсақ,таңкурай,қыша жапсырмалары және басқалар жатады.

### Гриппке қарсы вакцинация

1.Гриппке шалдығу деңгейін бірнеше мәрте төмендетеді.
2.Асқынулар (отиттер,синуситтер,пневмония,менингиттер және т.б.)пайда болуының алдын алады.
3.Дертке шалдыққан жағдайда аурудың өтуін бәсеңдетеді.
4.Қаза жағдайларының алдын алып,оларды болдырмайды.

Ж.ӘБІШЕВА.

*За здоровый образ жизни*

## Спортивный октябрь

После холодного сентября октябрь выдался достаточно теплым и солнечным, что способствовало проведению детско-юношеской спортивной школой соревнований по многим видам спорта.

Так. ко Дню учителя были проведены соревнования по волейболу среди женской команды ДЮСШ и женской сборной команды учителей Киевских средних школ № 1. 2, 3. Победу одержала команда женщин ДЮСШ. Среди мужчин принимала участие команда ДЮСШ, сборная команда учителей школ районного центра и молодежная команда п. Киевка. В упорной борьбе из пяти партий победу одержала команда молодежи.

4 октября проводились кустовые соревнования по футболу. в первым из которых на стадионе «Нура» приняли участие кроме Каройской СШ три школы районного центра. Не приехали на соревнования зареченцы и путьлененцы. Первое место заняла команда КСШ № 3.

Следующие кустовые соревнования объединили между собой команды Индустриальной средней школы, имени Мынбаева и Сулейменова. Не приняли участие СШ им. Талжанова и Шалабекова.

По третьему кусту за первое место боролись команды школ им. Сейфуллина. Асубаева. Пржевальской и Кировской, где в упорной борьбе победу одержала СШ им. Сейфуллина.

Не проводили соревнования по футболу команды четвертого куста. объединившего Жараспайскую, Донскую. Щербаковскую и Нуринскую СШ.

10 октября команды победители трех кустов встретились на зеленом поле стадиона «Нура» в районных соревнованиях. где первое место одержала команда КСШ № 3, воспитанники ДЮСШ тренера А.К.Смагулова. На втором месте по праву оказалась команда СШ им. Мынбаева и на третьем – СШ им. Сейфуллина.

17 октября команда победителей защищала честь Нуринского района в г. Сарани, где заняла второе место, уступив команде Осакаровского района.

22 октября прошли соревнования по қазақша күрес, посвященных Дню Республики РК среди воспитанников ДЮСШ п. Киевка и филиалов.

В канун праздника Дня Республики Казахстан в парке на зеленом мини-поле прошли соревнования среди младшего звена по минифутболу трех школ районного центра. А на соседнем теннисном корте весело и азартно соревновались в веселых стартах малыши 3-х классов.

В соревнованиях по армреслингу и гиревому виду спорта приняли участие ребята старше 16 лет.

25 октября на стадионе «Нура» прошли соревнования по 4-м видам спорта: мини-футболу, волейболу. шахматам и тоғыс құмалаку, спонсором которых стал Н.Х.Сулейменов. директор ТОО «Нура бидай».

Накануне этого дня в спортивном зале ДЮСШ проводились соревнования по волейболу среди девушек 7-8 и 9-11 классов. в которых победу одержала команда девушек КСШ № 3.

30 октября проходили районные соревнования по трем видам спорта: шахматам. тоғыз құмалак и настольному теннису. В состязаниях по шахматам приняли участие семь школ района. Первое место одержали О.Жахин. С Акшалов, Н.Базарбаев, Ж.Куанышева и Б.Тулеш из КСШ №3. Вторыми стала команда из КСШ №2 и на третьем месте учащиеся Пржевальской СШ.

Столько же команд участвовало и в состязаниях по тоғыз құмалаку. Здесь. наоборот. пржевальцы одержали победу, на втором месте учащиеся КСШ №3 и третьими стала команда Щербаковской СШ.

В соревнованиях по настольному теннису приняли участие 15 школ района. в которых первое место заняла команда СШ им. Асубаева, филиал ДЮСШ (тренер М.А.Рыспаев). На втором месте – КСШ № 3 (физруки С.П.Орлов и И.В.Винтерголлер). Третье призовое место досталось пржевальцам.

На каникулах в городе Караганда будут проходить областные соревнования по шахматам. тоғыз құмалаку и настольному теннису. Пожелаем успехов командам. которые будут защищать честь Нуринского района.

**О.БАРАНОВА,**
директор ДЮСШ

### *Сулейменов Нұрлан ағаның мерей тойына арнау*

Елу жылдық тойыңызға арнаймын,
Айтылмаған тойыңызда шындықты
Тіл бүгіліп тісім түсіп қалса да
Шымырлаған шындықпенен жалғаймын.

Тойлайық біз ағатай,
Екі жиырма бесіңді.
Тойлайтын тағы болайық,
Жиырма бестей кешеңді.

Бойыңа нағып дәл қойған,
Нұрлан деген есімді.
Ақ бидайдан нәр алған,
Бастай бер мәңгі көшіңді.
Керіп жүрміз ағатай,
Қолыңды бердің талайға.

Аузымды неге былғайын,
Шынымды айтам былайды.

Тойғандар ақ бидайдан кекіріп жүр,
Аш қарын тойып жеген секіріп жүр.
Өзіңе қарсы шапқан кейбір надан,
Бұл күндер қолы жетпей өкініп жүр.

Сырым да осы айтатын. шыным да осы.
Тойыңызға ұсынар сыйым да осы.
Келешекте тілеймін абзал аға,
Сақтасын Жанара мен Жомартың. міне осы.

**Қамбар Тоқтар.**
КХР Шыңжан Ұйғыр өлкесінен келген інісі

**Филиалу КГКП «Центр санитарно – эпидемиологической экспертизы Карагандинской** области» по Нуринскому району требуется:

В санит – бактериологич. лабораторию лаборант бактериолог.- 1 ед.

В санит – химическую лабораторию лаборант сан –ген. лаборат -1ед.

Нуринский учебный комбинат ТОО фирма «Алмас-XXI»

Ежедневно ведет набор на следующие курсы:

- Водителей категории «В» - 90 дней;
- Водителей категории «В-С» -150 дней;
- Компьютер с нуля - 15 дней;
- Бух. учет с нуля - 30 дней;
- 1:С (версия 8.0) - 10 дней;
- Автослесарь - 3 месяца
- Тракторист-машинист - 3,5 месяца.

Цены договорные. Возможен бартер. Гос.лицензия серия ДП №00255, п. Киевка, ул. Талжанова, 12, тел.: 22-5-18. №.527